

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 16 қазан N 868. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.26. N 876 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы" 1992 жылғы 17-мамырдағы N 784 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы осыған қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 16 қазандағы
N 868 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Жоғары Аттестациялық Комиссия туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары

Аттестациялық Комиссия (Қазақстан Республикасының ЖАК-ы) ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беруге байланысты ғылыми, ғылыми-педагог, инженерлік-техникалық және шығармашыл қызметкерлерді аттестациялау ісіне басшылық ету жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының ЖАК-ы республика ғылыми мекемелерінің, жоғарғы оқу орындарының және басқа ұйымдарының ғылыми, ғылыми-педагог, шығармашыл және басқа қызметкерлеріне ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру бойынша түпкілікті шешім қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасы ЖАК-ының басты міндеттері:

- жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауға жетекшілік ету және ғылыми дәреже мен ғылыми атақтан үміткерлерге бірыңғай талаптар қоюды қамтамасыз ету, диссертациялық жұмыстардың сапасын, олардың ғылыми және практикалық бағасын сараптау және бақылауды жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасы ғылымының, жоғарғы мектебінің және халық шаруашылық салаларының болашағын ескере отырып, республиканың зиялылық әлеуетін дамытуға қатысу;

- ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды аттестациялау мен қайта аттестациялау, сондай-ақ ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру жөніндегі дипломдар мен аттестаттарды теңестіру салаларында мемлекетаралық және халықаралық қарым-қатынасты хұқықтық тұрғыда қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының ЖАК-ы осы міндеттерге сәйкес:

- республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен, ғылым академияларымен келісе отырып, Ғылыми мамандықтардың номенклатурасын бекітеді;

- республикада ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар берілетін ғылыми мамандықтарды анықтайды;

- сараптау кеңесі, ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру тәртібі, диссертация қорғау бойынша мамандандырылған кеңес туралы Ережелерді әзірлейді және бекітеді;

- жоғары оқу орындарындағы, ғылыми ұйымдардағы мамандандырылған кеңестердің жеке адам құрамын жасақтайды және бекітеді, олардың қызметін бақылайды;

- министрліктердің, ведомстволардың, ғылым академияларының, ғылыми мекемелер мен ұйымдардың өтініштерін және ғылыми қызметкерлердің мамандықтар номенклатурасына енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, мамандандырылған кеңестердің жүйесін қайта қарайды;

- тиісті мамандандырылған кеңестің өтініші негізінде ғылым докторы

дәрежесін береді және ғылым кандидаты дәрежесін беру туралы мамандандырылған кеңестің шешімін бекітеді, белгіленген тәртіпті тиісті кеңестердің өтініштері бойынша профессор және доцент ғылыми атақтарын береді;

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Мемэкономкомымен, Ғылым академиясымен, мамандандырылған ғылыми академиялармен, Білім министрлігімен және басқа да министрліктері мен ведомстволарымен бірлесе отырып, республикада ғылымның, техниканың, білім және мәдениеттің дамуының стратегиялық болжамдарын дайындауға, сондай-ақ халық шаруашылығының тиісті салаларын жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрлармен қамтамасыз ету шараларын әзірлеуге қатысады;

- республикадағы ғылыми-техникалық прогрестің басымдық берілген бағыттарының талаптарын ескере отырып, қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялардың тақырыбы мен мазмұнын талдайды және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне олардың ең маңыздыларын ынталандыру туралы ұсыныстар енгізеді;

- министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға нәтижелері диссертациялық жұмыстарда баяндалып, орындалған ғылыми зерттеулер туралы ақпарат беріп, оларды іс жүзінде қолдану жөнінде тиісті ұсыныстар жасайды;

- Қазақстан Республикасы азаматтары қорғаған докторлық және кандидаттық диссертациялар және шет елде Қазақстан тақырыбы бойынша қорғалған диссертациялар туралы деректер қорын жинайды;

- басқа мемлекеттерде берілген ғылыми дәреже мен ғылыми атақтың иесі болып саналатын Қазақстан Республикасы азаматтарын қайта аттестациялау жөніндегі жұмысты жүргізеді, сондай-ақ басқа мемлекеттерде халықаралық хұқық нормаларына сәйкес және тиісті мемлекетаралық келісімдер негізінде оларға берілген ғылыми дәреже мен ғылыми атақ жөніндегі құжаттарды теңестіру жұмыстарын атқарады;

- ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру тәртібі туралы Ережемен анықталған үміткерлердің хұқықтары сақталуын қамтамасыз етеді;

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңесінде ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау мен аттестациялау жөніндегі тұрақты жұмыс тобының қызметіне қатысады және белгіленген тәртіп бойынша топтың әрі кеңестің қабылдаған шешімдері мен ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

- ғылым докторы мен кандидатының дипломдарын, профессор мен доценттің аттестаттарын ресімдеп, қолдарына береді.

4. Қазақстан Республикасының ЖАК-ына:

- ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру жөніндегі кеңестердің қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізу және олардың жұмысына талдау жасау хұқығы беріледі. Қазақстан Республикасы ЖАК-ының лауазымды адамдарының аталған кеңестер жұмыс істейтін кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде, олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, белгіленген тәртіппен кедергісіз болуға хұқығы және олардың қызметіне қатысты ақпарат алуға хұқығы бар;

- Қазақстан Республикасы ЖАК-ы Коллегиясының мәжілістерінде республиканың ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы мамандандырылған және ғылыми кеңестердің жетекшілерін ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау жөніндегі олардың жұмыс тәжірибелерін зерделеу мен қорыту жайында тыңдау;

- қажет болған жағдайда мамандандырылған кеңестерге, ғылыми ұйымдарға, жоғары оқу орындарына, республиканың тиісті кәсіпорындары мен ұйымдарына, сондай-ақ жекелеген сарапшыларға диссертациялық жұмыстарды олардың ғылым мен өндіріс үшін маңызына қатысты мәселелер бойынша және диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі жөнінен қосымша тұжырым жасауға жіберу;

- Қазақстан Республикасы ЖАК-ының талаптарына сәйкес келмейтін немесе диссертация қорғаудың белгіленген тәртібінің бұзылуына жол берілген жұмыстарға ғылыми дәреже беру туралы шешімдер қабылдаған мамандандырылған кеңестерді диссертацияны қорғауға қабылдау хұқығынан айыру;

- белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтарын ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтарынан айыру;

- сараптау кеңестерінің қатысуымен мүдделі ұйымдармен жасасылған шарт бойынша тиісті жобаларға тәуелсіз сараптау жүргізу;

- диссертациялық жұмыстарды сараптау және ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру жөніндегі кеңестердің қызметін бақылау үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан республиканың ғылыми ұйымдарының, жоғарғы оқу орындарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының мамандарын контрактілік шартпен тарту хұқы беріледі. Диссертациялық жұмыстарды сараптау үшін Қазақстан Республикасы ЖАК-ы ғалымдар мен мамандарды белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттерден шақырта алады.

- Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінен, Ғылым және технологиялар министрлігінен, Білім министрлігінен, ғылым академияларынан және республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарынан ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар жөнінде белгіленген тәртіппен ақпарат алдыру;

- республиканың ғылыми дәреже және ғылыми атақ беру жөніндегі кеңестер

жұмыс істейтін ғылыми ұйымдарынан, жоғары оқу орындарынан, кәсіпорындары мен ұйымдарынан олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан белгіленген есебін сұратып алу;

- ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауды жетілдіру, диссертациялардың ғылыми деңгейін және практикалық құндылығын көтеру мәселелері бойынша ведомствоаралық және басқадай кеңестер өткізу;

- Қазақстан Республикасының атынан халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарда өкілеттілік жасау, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау және аттестациялау мәселелері бойынша кеңестердің, семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысу; басқа мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен және халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасуды жүзеге асыру;

- ақпараттық "Қазақстан Республикасы ЖАК-ының бюллетенін" шығару хұқығы беріледі.

5. Қазақстан Республикасының ЖАК-ы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғыларын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады, өз жұмысын ғылыми, инженерлік-техникалық, педагогтік жұртшылықты, шығармашыл қызметкерлерді тарта отырып ұйымдастырады.

6. Қазақстан Республикасы ЖАК-ына Республика Министрлер Кабинеті қызметке тағайындап, босататын төраға басшылық етеді.

Қазақстан Республикасы ЖАК-ының Төрағасы және оның орынбасарлары Қазақстан Республикасы ЖАК-ына жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке дара жауап береді.

Қазақстан Республикасы ЖАК-ының Төрағасы Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерінің негізінде және оларды орындау үшін ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беруге байланысты жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауды ұйымдастыру жөнінде ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқауларды бекітеді, әрі олардың орындалуына бақылау ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы ЖАК-ы төрағасының өз өкілеттігінің шегінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тиісті органдарымен шарттар мен келісімдер жасасып, қол қоюға хұқы бар.

7. Қазақстан Республикасы ЖАК-ының басшы органы құрамы 7 адамнан тұратын Коллегия болып табылады. Коллегияға Төраға (Коллегияның төрағасы), Төрағаның орынбасарлары, Бас ғалым-хатшы, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы ЖАК-ының ғылым салалары бойынша бөлім меңгерушілері кіреді.

Коллегия Қазақстан Республикасы ЖАК-ының ағымдағы қызметінің негізі мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың, қаулылардың, нұсқаулардың жобаларын және басқа мәселелерді қарап отырады, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы мамандандырылған кеңестердің шешімдерін бекітеді, доцент ғылыми атағын береді, республикадағы ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау жүйесін жақсартудың келешегін айқындап, шаралар қолданады, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды.

8. Коллегия мәжілістері оның құрамының кемінде үштен екісі болған жағдайда айына бір реттен сиретілмей өткізіліп отырады. Қазақстан Республикасы ЖАК-ы коллегиясының шешімдері ашық дауыс беру арқылы, мәжіліске қатысқан коллегия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Қазақстан Республикасы ЖАК-ы төрағасы мен коллегия мүшелері арасында пікір алауыздығы болғанда, Төрағаның шешімі қабылданады, ол Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне пікір алауыздығы туралы хабарлайды.

9. Қазақстан Республикасы ЖАК-ы коллегиясының жеке адам құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

10. Қазақстан Республикасының ЖАК-ында төралқа (президиум) болады. Төралқа өз мәжілістерінде мамандандырылған кеңестер құрамдары, сараптау кеңестерін ұйымдастыру, ғылым докторы дәрежесін беру және профессор ғылыми атағын беру туралы Қазақстан Республикасы ЖАК-ының төрағасы бекітетін шешімдер қабылдайды, сондай-ақ ғылыми дәреже және ғылыми атақ беруге байланысты басқа да мәселелерді қарастырады.

11. Қазақстан Республикасының ЖАК-ының Президиумы құрамында Қазақстан Республикасының ЖАК-ының төрағасы (төралқа төрағасы), Төрағаның орынбасарлары, Бас ғалым-хатшы, ЖАК-тың салалық бөлімдерінің меңгерушілері, сондай-ақ министрліктердің, ведомстволардың, ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының ұсыныстары ескеріліп, кіргізілген ірі ғалымдар мен мамандар болатын 35 адамнан артпайтын мөлшерде жасақталады. Төралқаның жеке адам құрамын үш жыл мерзімге Қазақстан Республикасы ЖАК-ының коллегиясы бекітеді.

12. Төралқа мәжілістері оның құрамының үштен екіден кем емес қатарының қатысуымен тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Төралқа шешімдері егер мәжіліске қатысушылардың кемінде үштен екісі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыс беру төралқа мүшелерінің шешімі бойынша ашық немесе жабық жүргізілуі мүмкін.

13. Мамандандырылған кеңестерде қорғалған диссертациялардың ғылыми сарапталуы үшін, сондай-ақ тиісті ғылыми дәрежесі жоқ адамдарға ерекше жағдайда докторлық немесе кандидаттық диссертация қорғамай-ақ ғылыми дәреже беру жөніндегі жекелеген өтініштерді қарау үшін Қазақстан Республикасының ЖАК-ы ғылым салалары бойынша жетекші ғалымдар мен мамандар, мәдениет және өнер қайраткерлері ішінен сараптау кеңестерін жасақтайды.

Сараптау кеңестері республиканың министрліктері, ғылым академиялары, ғылыми ұйымдары, жоғары оқу орындары және басқа тиісті ұйымдарының ұсыныстары ескеріліп жасақталады және құрамын кейіннен кемінде үштен біріне дейін жаңартуды көздеп Қазақстан Республикасы ЖАК-ының төралқасы үш жыл мерзімге бекітеді.

14. Қазақстан Республикасы ЖАК-ы бөлімшелерінің қызметкерлерінің штат санын Қазақстан Республикасы ЖАК-ының төрағасы бекітеді. <*>

Қазақстан Республикасы ЖАК-ының штатында қызмет атқармайтын Төралқа, сараптау кеңестері мүшелерінің және сараптауға қатыстырылған мамандардың еңбегіне ақы төлеу белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 14 тармақтың бірінші абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының ЖАК-ы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілінде атауы жазылған мөрі, өзінің шоты, фирмалық бланкісі болады.